



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

1.09.2023

№ 158

Атырау қаласы

город Атырау

**Тамақтандырудың сапасына мониторинг
жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы**

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «31» қазандағы № 598 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Комиссия құрамына:

1. А.Құлжабаева – комиссия төрайымы, әлеуметтік педагог;
2. А.Муканова – комиссия төрайымының орынбасары, ата-аналар комитетінің төрайымы;
3. Қ.Жолшиева – комиссия мүшесі, диетолг;
4. А.Мурзағалиева – комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Ж.Махамбетова – кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі.

3. Комиссия мүшелеріне:

- Жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш, т.б. техникаларының жарамдылығына, тағамдардың сақтау мерзімдерінің сақталу жағдайына мониторинг жүргізу міндеттелсін.
- Диетолг Қ.Жолшиеваға күнделікті дайындалған тағамдардың сапасына бағалау жүргізісін, санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша бракераж журналына жазба жүргізісін және асхана қызметкерлерінің медициналық тексерістен уақтылы өтуін бақылауға алу жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік педагог А.Құлжабаеваға міндеттелсін.

Мектеп директоры

А.Г.Абугалиев

000204

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН №26
С.ДАТОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №26 ИМЕНИ С.ДАТОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АТЫРАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

1. 09.2023

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 156

город Атырау

**1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған
отбасы балаларын ыстық тамақпен
қамту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №598 бұйрығына 1-қосымшасына сәйкес орта білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын, бекітілген ас мәзірінің берілуін тексеру, оны үнемі бақылауда ұстау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

1. А.Құлжабаева – комиссия төрайымы, әлеуметтік педагог;
2. А.Мурзағалиева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Қ.Жолшиева – диетолг, комиссия мүшесі;
4. Қ.Мухатчиева – бас есепші, комиссия мүшесі;
5. А.Муканова – «Қамқоршылық» кеңес төрайымы, комиссия мүшесі;

2. Комиссияға:

1. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорына бөлінген қаржыны тиімді, нысаналы пайдалану мақсатында жұмсау үшін 1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балалар үшін ыстық тамақтың берілуін ұйымдастыруды бақылау;

2. Аз қамтылған отбасы балаларының тізімін нақтылау, талапқа сай жасалуын қадағалау міндеттелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №598 бұйрығы

Мектеп директоры

А.Г.Абугалиев

000199



БҰЙРЫҚ

1.09.2023

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 160

город Атырау

Жауапкершілік жүктеу туралы

1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, аз қамтылған отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастырудағы жауапкершілікті жүктеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес асханада дайындалып беретін тамақтардың сертификаттарын, пісірілу сапасын анықтап, күнделікті ас мәзірінің жасалуын қадағалау мектеп диетолгы К.Жолшиеваға міндеттелсін.

2.Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, аз қамтылған отбасы балаларының асханадан тамақтануын кесте бойынша ұйымдастыру директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Ақбердиеваға және әлеуметтік педагог А.Құлжабаеваға жүктелсін.

3. Ас мәзірі бойынша берілген тамақтың ай сайынғы есебін бақылау жасап, есеп бөліміне уақтылы тапсыру әлеуметтік педагог А.Құлжабаеваға міндеттелсін.

4. Ыстық тамақтың берілісіне «Қамқоршылық кеңесімен» бірлескен жалпы бақылау жасалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Мурзағалиеваға жүктелсін.

5.Мектеп асханасындағы ыстық тамақпен қамту бағытындағы жұмыстар туралы мәліметтерді мектеп сайтына жариялап отыру әлеуметтік педагог А.Құлжабаеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме:ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы

Мектеп директоры

А.Г.Абугалиев

000206

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН №26
С.ДАТОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №26 ИМЕНИ С.ДАТОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АТЫРАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

1.09.2023

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 157

город Атырау

**Оқушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету
және оған жауапты тұлға тағайындау туралы**

Оқушылар арасында жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығының 3-тарау 28-тармағын басшылыққа ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқушылар арасында жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығының 3-тарау 28-тармағында көрсетілген талаптарға сай ауыз су режимін ұйымдастырылсын.

2. Бұйрыққа сай ауыз судың сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылау мектеп медбикесі Б.Кадбрахмановаға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Мурзагалиева мен А.Айдаралиеваға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «5» тамыздағы №76 бұйрығының 3-тарау 28- тармағы

Мектеп директоры

А.Г.Абугалиев